

2

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ  
ЮРИДИЧЕСКИЙ ФАКУЛЬТЕТ  
КАФЕДРА УГОЛОВНОГО ПРАВА, УГОЛОВНОГО ПРОЦЕССА И КРИМИНАЛИСТИКИ  
НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЙ ЦЕНТР ПРОБЛЕМ БОРЬБЫ С ПРЕСТУПНОСТЬЮ  
МЕЖДУНАРОДНАЯ ОБЩЕСТВЕННАЯ ОРГАНИЗАЦИЯ «ДИАЛОГ-МИР»  
КАЗАХСТАНСКАЯ КРИМИНОЛОГИЧЕСКАЯ АССОЦИАЦИЯ

---



КРИМИНАЛЬНЫЕ УГРОЗЫ СОВРЕМЕННОСТИ  
И СТРАТЕГИИ АНТИКРИМИНАЛЬНОЙ  
БЕЗОПАСНОСТИ ЛИЧНОСТИ, ОБЩЕСТВА,  
ГОСУДАРСТВА

(2-е Каиржановские криминологические чтения)

Материалы международной  
научно-практической конференции

*Часть 1*

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2012

**Ответственные редакторы:**

доктор юридических наук, профессор Джансараева Р.Е.  
кандидат юридических наук, доцент Байсалов А.Д.

**Члены редколлегии:**

кандидат юридических наук, доцент Бисенова М.К.  
старший преподаватель Акболатова М.Е.  
преподаватель Базилова А.А.

**Криминальные угрозы современности и стратегии антикриминальной безопасности личности, общества, государства (2-е Каиржановские криминологические чтения):** Материалы международной научно-практической конференции. Часть 1. – Алматы: Казак университеті, 2012. – 219 с.

**ISBN 978-601-247-626-2**

В сборнике представлены научные доклады участников международной научно-практической конференции «Криминальные угрозы современности и стратегии антикриминальной безопасности личности, общества, государства (2-е Каиржановские криминологические чтения)», организованной Научно-исследовательским центром проблем борьбы с преступностью, кафедрой уголовного права, уголовного процесса и криминалистики КазНУ имени аль-Фараби, Международной общественной организацией «ДИАЛОГ-МИР» и Казахстанской Криминологической Ассоциацией 21-22 сентября 2012 г.

Сборник материалов конференции опубликован за счет ГФ/1343 «Правовые средства и механизмы противодействия преступности в современном обществе».

## СОДЕРЖАНИЕ

|   |    |
|---|----|
| ЕЛЕГЕН АҒА ТУРАЛЫ СЫР.....  | 7  |
| <b>Акимжанов Т.К</b><br>СОВРЕМЕННАЯ ПРЕСТУПНОСТЬ – КАК ОДИН ИЗ ИСТОЧНИКОВ УГРОЗЫ<br>НАЦИОНАЛЬНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН.....                           | 9  |
| <b>Алимкулов Е.Т</b><br>КӘМЕЛЕТКЕТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ҚЫЛЫМЫСТАРЫ БОЙЫНША СОТ ҮКІМІНІҢ<br>ЕРЕКШЕЛІГІ.....   | 13 |
| <b>Аратұлы Қ.</b><br>ЖОҒАРЫ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ САЛАСЫНДАҒЫ<br>ҚЫЛЫМЫСТАРМЕН КҮРЕСУДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚЫЛЫМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ<br>САЯСАТЫ.....          | 19 |
| <b>Арын А.А.</b><br>ҚЫЛЫМЫСТЫҚ САЯСАТТЫҢ ҚЫЛЫМЫСТЫЛЫҚҚА ӘСЕРІ.....  | 26 |
| <b>Атаханова Г.М.</b><br>МҮЛІКТІК ҚЫЛЫМЫСТАРДЫҢ КРИМИНОГЕНДІК ЖАҒДАЙЛАРЫ.....   | 30 |
| <b>Ахметов Е.Б.</b><br>КОНВЕНЦИЯ ШОС О БОРЬБЕ С ТЕРРОРИЗМОМ, СЕПАРАТИЗМОМ И<br>ЭКСТРЕМИЗМОМ И ЕЕ ЗНАЧЕНИЕ ДЛЯ ОБЕСПЕЧЕНИЯ РЕГИОНАЛЬНОЙ<br>БЕЗОПАСНОСТИ.....       | 33 |
| <b>Әбдіжәми А.Ж.</b><br>ӘЛЕМДІК ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ҚЫЛЫМЫС ЖАСАҒАН АДАМДАРДЫ<br>ҰСТАП БЕРУ ИНСТИТУТЫНЫҢ КЕЙБІР ҚЫЛЫМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ<br>ЕРЕЖЕЛЕРІН ЖЕТІЛДІРУ..... | 35 |
| <b>Базилова А.А.</b><br>ҚАЖЕТТІ ҚОРҒАНУДЫ ҚОЛДАНУ БАРЫСЫНДА ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ<br>ТҮЛІҒАЛАРДЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ ҚАМТАМАСЫЗ<br>ЕТІЛУІ.....                 | 38 |
| <b>Баймағамбетова З.М.</b><br>КРИМИНОЛОГИЧЕСКАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА ВНУТРИСЕМЕЙНЫХ<br>НАСИЛЬСТВЕННЫХ ПРЕСТУПЛЕНИЙ.....   | 42 |
| <b>Берсугурова Л.Ш.</b><br>ПРОЦЕССУАЛЬНО-ПРАВОВАЯ ПРИРОДА КАССАЦИОННОГО<br>ПРОИЗВОДСТВА.....  | 45 |
| <b>Бижанова А.Р.</b><br>ЖАЛҒАН АҚШАНЫ ЖАСАҒАНЫ, САТҚАНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК<br>КӨЗДЕЛГЕН ҚЫЛЫМЫСТЫҚ ЗАҢНАМАЛАРДЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ.....                                 | 50 |
| <b>Бисенғали Л.</b><br>ОСОБЕННОСТИ РАССЛЕДОВАНИЯ НЕЗАКОННОГО ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА.....   | 55 |
| <b>Бисенова М.Қ.</b><br>ҚЫЛЫМЫСТЫҢ СУБЪЕКТИВТІК ЖАҒЫ БОЙЫНША ТҮЛІҒАНЫҢ<br>ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....  | 61 |
| <b>Вареникова С.П.</b><br>ПРОБЛЕМНЫЕ ВОПРОСЫ ОБЕСПЕЧЕНИЯ БЕЗОПАСНОСТИ<br>СВЕДУЩИХ ЛИЦ В УГОЛОВНОМ СУДОПРОИЗВОДСТВЕ.....   | 63 |
| <b>Галузин А.Ф.</b><br>ПЕНИТЕНЦИАРНАЯ БЕЗОПАСНОСТЬ.....   | 66 |
| <b>Гришко Л.Е.</b><br>ОБЕСПЕЧЕНИЕ НАЛОГОВОЙ БЕЗОПАСНОСТИ ТАМОЖЕННОГО СОЮЗА<br>УГОЛОВНО-ПРАВОВЫМИ СРЕДСТВАМИ.....  | 71 |



*Арын А.А.  
ал-Фараби атындағы ҚазҰУ  
қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу  
және криминалистика кафедрасының ассистенті*

## **ҚЫЛМЫСТЫҚ САЯСАТТЫҢ ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚҚА ӘСЕРІ**

«Саясат» термині философия, әлеуметтану, саясаттану ғылымдарына тікелей қатысты. Саясатты – мүдделер қақтығысы жасайды. Түпкілікті мақсаттар, билікке құлшыныс, түрлі мүдделер әрқашан саяси процестердің қозғаушысы болып отырғандығы белгілі. Бұл жерде, мемлекет саяси қатынастар мен саяси үрдістердің басым құқықты қатысушысы бола отырып, саясаттың негізгі мәні мен бағытын айқындайды.

Саясат – экономика мен құқықтық реформалардың негізгі қозғаушы күші ретінде экономикалық қатынастардың базистік негізі мен саяси құрылымның дамуының да алғышарты. Ал қылмыстық саясат азаматтарды қылмысқа қарсы күрестегі ортақ идеология талаптарына біріктіруді көздейді. «Саяси және идеологиялық әралуандылық - өзара байланысты құбылыс.

Саясат - объективті және субъективті себептердің жиынтығынан туатын үрдісті құбылыс. Объективті құбылыстарға – қоршаған ортадағы материалды игіліктер жатса, осы игіліктерге деген адам қажеттілігі мен игіліктер иесі болуға деген ұмтылысы, саяси сипаттағы әрекеттердің туындау негізі объективті және субъективті қатынастардың диалектикалық бірлігі мен қарама – қайшылығы саясатты жасаушы тараптардың әрекетіне заңдылық, тарихи негізділік кейде күйзелісті құбылыстар деңгейіндегі мән сапасын береді. Субъективті қатынастардың қайнар көзі ретіндегі қатынас қауіпті сипат алатын болса, сонымен бір мезетте қылмыстың субъектісі де күрделі сипатты иеленді және онымен жұмыс жүргізудің ерекше әдістерін іске қосудың қажеттілігі де туындады дегенді білдіреді. Кез – келген методологиялық зерттеудің негізі болып құбылысты сапалық түсіндіру құрылымы табылады, бұл құрылым сапа мен түсіндірмелерді құрайтын белгілерді ары қарай зерттеуде маңызды рөлге ие және де зерттеу негізіне алынып отырған құбылыстың қылмыстан сақтандыру саласындағы қылмыстық саясат екендігі де аз маңызға ие емес. Қылмыстық саясат мүдделер қақтығысынан туындап қана қоймай, сол қақтығыстарды мемлекеттік тұрғыда реттеу үшін де керек. Қылмыстан сақтандыру саласындағы қылмыстық саясат біріншіден адам мен оның заңды құқықтары мен бостандықтары мәселесін шешуге бағытталуы тиіс. Өйткені, «қылмыстық құқықтық бағыттағы ғылыми зерттеулер саласында: ғаламдану, саясат, экономика, терроризм, ұйымдасқан және кәсіби қылмыстылық, жоғары инновациялар мен ақпараттық саладағы қылмыстылық, барлық адамзат пен жекелеген елдердің ұлттық қауіпсіздігі, жаппай заңсыз және криминалдық миграция сынды әлемдік ауқымдағы әлеуметтік мәселелердің әсері анық байқалады».

Шындығында «қылмыстық құқық теориясының қазіргі кезеңдегі негізгі міндеттерінің бірі болып – қылмыстық заңды тәжірибеде нақты және тиімді қолдануды қамтамасыз етуіне мүмкіндік беретін концептуалды түрдегі ережелерді құру» табылады [1, 4 б.].

Бұл жерде зерттеліп отырған тақырыпқа қатысты “саясат” және “қылмыстық саясат” ұғымдарының біріккен түсінігі жоқ.

Идеология саясатқа тікелей сіңісіп кетеді, өйткені соңғысын адамның, топтардың, жұртшылықтың, ұлттар мен басқа да әлеуметтік топтардың санасынан, олардың мүдделерінен, сұраныстарынан, дүниетанымынан бөліп алуға болмайды [2, 33 б.]. Экономикалық базис саяси жүйені өркендеткенімен де саясат – экономикадан бастап барлық құрылымның бағытын анықтайтын және әлеуметтік ортадағы үлкен күштің модераторы ретінде қатынасқа түседі. Түрлі мүдде, бағыт пен саяси қызметтің субъектілерінің саяси және саяси сипаттағы қызметі – саясат нысанының да өзгеріп отыруына әкеледі. Саясат қалай жасалады? Бұл үлкен еңбек бөлінісі, өндірістік күшті дамыту, жұмыс берудің жаңа



нысандары мен жұмыссыздық факторлары саясаттың күрделі сипатын жасап қана қоймай, оның мәніне өзгеріс енгізеді.

«Адам құқықтарын қамтамасыз ету мен әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етуге қатысты қылмыстық саясатты қайта бағдарлау қылмыстық құқықтың негізгі сапасын құрайтын қылмыстың субъектісін де теориялық зерттеуді тереңдетуді көздейді» деп көрсетеді - профессор С.С. Молдабаев [3, 7 б.]. Менің ойымша, қылмыстың субъектісі - бұл үлкен әлеуметтік зардаптарға әкелетін күш және қауіпті сипаттағы жігерлі актінің қайнар көзі. Қылмыстан сақтандыру саласындағы қылмыстық саясаттың негізгі мақсаттарының бірі – қылмыс субъектісін теориялық талқылау ғана емес, оның әлеуметтік теріс жақтарын толықтай ашу мен оған қарсы күрес шараларын көрсету болып табылады.

Қылмыстан сақтандыру – қылмыстық саясаттың құрамдас бөлігі. Ендеше қылмыстық саясаттың түсінігін былай қоя тұрғанда, саясат пен саяси жүйенің түсінігіне қатысты ғылыми тұжырымдарды қалыптастыру ғалымдар назарынан көп жағдайда тыс қалуда. Қазіргі уақыттағы қылмыстық саяси жүйенің түсінігі әлеуметтік құндылықтар мен қоғам қажеттілігінің бірігуінен де бастау алады. Адамды әлеуметтік құндылықтарды қастерлеуге бейімдеу кезіндегі ең басты қиындық адам ішкі талабының жоқтығынан туындайды. Қылмыстан сақтандыру кезіндегі адамның оң белсенділігі ең шешуші фактор ғана емес, әлеуметтік, құқықтық қиындықтарды шешудің негізгі кілті де. «Бірақ та көптеген азаматтар қылмысқа қарсы күрестегі өз құқықтары мен міндеттерін толық көлемде білмейді» [4, 3 б.]. Кемшіліктерді жоюдың құралы болып табылатын мемлекеттік саясат - жалпы сипатқа ие үрдіс болғанымен нағыз саясат салалық саяси әрекеттер мен мүдделер қақтығысында жүзеге асырылады.

Әр саланың реттеу пәні мен өзіндік ерекшеліктері саясатты да жүйелендірудің негізі болып табылады. Осы ерекшеліктер саясаттың төмендегідей түрлерін көрсетеді:

- ішкі, бұл мемлекеттің ішінде, мемлекеттің тиісті құрылымдарының өкілеттіктері шегінде Қазақстан азаматтарының тікелей қатысуымен, солардың заңды құқықтары мен мүдделеріне, әлеуметтік жағдайына қатысты жүретін саясат;

- сыртқы (халықаралық) – халықаралық саладағы мемлекеттің беделі мен абыройын арттыруға негізделген, мемлекеттің халықаралық міндеттемелерін орындауға бақылауды жүзеге асыратын және тиісті халықаралық шарттар негізінде жүргізілетін саясат (арнаулы субъектісі – Қазақстан Республикасы президенті, Қазақстан Республикасының Сыртқы Істер Министрлігі т.б.);

- экономикалық – экономикалық, яғни, өндірістік тұтыну, ұсыну, базис пен қондырма арасын реттейтін және кәсіпкерліктің барлық нысандарын іске асыру саласында туындайтын саясат;

- әскери (қорғаныс) – мемлекеттің сыртқы қауіпсіздігі мен әскери құрылысының бағытын айқындайтын саясат;

- ғылыми–техникалық саясат – ғылым мен техниканың дамуын тікелей қамтамасыз ететін және өндірістік тәжірбие мен барлық қоғамдық қатынастарды ғылыми негіздеу саясаты;

- әлеуметтік - әлеуметтік саладағы қатынастар мен әлеуметтік мүдделер қақтығысындағы теңдікті қамтамасыз ететін, және осыған тікелей ықпал жүргізетін саясат;

- қылмыстық саясат – мемлекеттегі қылмыспен күрестің негізгі бағыттарын айқындап, онымен күрес жүргізудегі мемлекеттік және қоғамдық күштердің ынтымақтастығы мен бірігуін идеологиялық, құқықтық, материалдық тұрғыда қамтамасыз ететін саясат - (бұл саясаттың ерекшелігі әлеуметтік саясаттың құрамдас бөлігі болып табылуында);

Саясаттың түрлері өте көп, саясаттың нысаны қоғамдық қатынастардың бағыты мен мәселенің мәнінен туындайды. Мемлекеттің қылмыстан сақтандыру саласындағы қылмыстық саясатын қалай түсінеміз? Бұл тұрғыда авторлар көзқарасы біржақты емес. Біздің ойымызша, мемлекеттің қылмыстан сақтандыру саласындағы қылмыстық саясаты – қылмысқа қарсы күресте азаматтардың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіруді көздейтін, оларды қылмыстан сақтандыратын, қылмысқа төзбеушілік



танытқандарға қатысты көтермелеу шараларын қолданатын мемлекеттің саяси қызметінің бір нысаны. Әлеуметтік, саяси, құқықтық, экономикалық сұрақтардың жиынтығы қылмыстық саясаттың да сұрақтарын туындатады. Назар аударуға лайықты көзқарастарға қараңыз:

а) «Қылмыстылық пен нашақорлық, ұлттық төзбеушіліктің қатал көрінісі, күштеу, пайдақорлық қылмыстардың өрістеуі, өндірістегі апаттардың өсуі міне мұның бәрі – адамдардың мазасыздығын шақырады. Бұл құбылыстармен күрестегі жеңістің кепілі – оларды туындататын себептерді білу» [5, 5.б].

ә) «Бәрінен бұрын, қылмыстылық - қоғамдық организмнің қалыпты қызметін бұзатын адамдардың әлеуметтік мінез-құлқының нысаны және әлеуметтік-құқықтық құбылыс».

б) Қылмыстан сақтандыру саласындағы қылмыстық саясат - қылмыстылықпен күрестің негізгі бағыттары, құралдарын, жолдарын көрсететін көзқарастар мен танымды ойлардың жиынтығы ғана емес, қылмыс жасауға бел байлаған адамның әрекетін құқықтық тұрғыда басқару мен бағыт беру. Мемлекеттің заңдары мен талаптарына бағынбаған, қоғамға деген аяшылығы мен ізгілігін жоғалтқан «айыпты адамның неғұрлым қауіпті, белсенді, ұзаққа созылған әрекеті едәуір ауыр зардаптарға әкеліп соғуы мүмкін».

в) « Қылмыстық саясаттың мазмұны нақты тарихи жағдай мен қоғамдық дамудың қажеттілігіне тәуелді бола отырып өзгеріске түседі» [6, 19 б.].

Бұл көзқарастардың әрқайсысы қылмыстық саясаттың түрлі қырларына анықтама беруімен маңызды және кейбір кемшін тұстары да бар.

Жоғарыдағы көзқарастарды қылмыстық саясаттың субъектілерінің қызметінің әлеуметтік-құқықтық мәнін, бұл үрдістегі қоғамдық қатынастардың маңыздылығын жеткілікті ашпай және қылмыстық саясаттың рухани сипатын толық көрсетуді қамтамасыз етпегендігі үшін қуаттамаймыз.

Біздің ойымызша, қылмыстық саясат - бұл мемлекеттің құқықтық тұрақтылық пен қылмыстық ахуалды оңтайландыруды қамтамасыз ету жолындағы тиісті құбылыстарды бақылау мен басқару арқылы адамды қылмыстан сақтандыру мен қылмыстылықты жоюды жүзеге асыру қызметі. Бұл қызметін мемлекет - азаматтардың, қоғамдық ұйымдармен қозғалыстардың, мемлекеттік арнайы органдардың қызметін қаржыландыру немесе белгілі-бір әрекетке рұқсат беру жолымен пайдаланады. Қылмыстық саясаттың мәні субъектілердің бір жақты әрекетін танудан жеткілікті ашылмайды. Кеңестік кезеңде берілген қылмыстық саясаттың түсінігінің көп түрлері - қазіргі Қазақстан Республикасының қылмыстық саясатының негізгі мазмұнын толыққанды құқықтық тұрғыдан ашып бере алмайды. Құқықтық үрдістер де уақытқа тәуелді болғандықтан - қылмыстық саясаттың негізгі тіректері: саяси-құқықтық идеология мен заңдық нормалар, саяси- құқықтық қатынастар мен қылмыстық саясат субъектілерінің де құқықтық мәртебесінің жағдайын анықтау мен талқылаудың кезеңі келді.

Кеңірек қарасақ, қылмыстық саясаттың элементтеріне:

- құқықтық идеология мен құқықтық нормалардың қалыптасуы негізінде жүзеге асырылатын құқықтық саяси үдерістің іргетасы іспетті объективті және субъективті факторлардың болуы;
- қылмыстық саясат субъектілерінің әрекетін құқықтық қамтамасыз ететін және оған ресми сипат беретін заңдық негіздің болуы;
- қылмыспен күрес және қылмыстан сақтандыру саласындағы қылмыстық саясатты жасаушылар мен оны жүзеге асырушылар арасындағы ортақ мемлекеттік мүдденің болуы;
- қылмыстан сақтандыру саласындағы қылмыстық саясаттың субъектілерінің мүдделері мен мақсаттарын біріктіретін және оны негізгі фактор ретінде айқындайтын – ортақ әлеуметтік мәннің болуы;

Яғни, осы факторлардың толықтығы мен қылмыстан сақтандыру шараларының дер кезінде орындалуы қылмыстық саясаттың терең түсінігін қалыптастырып қана қоймай, оның нәтижелі болуының да алғышарты болмақ.



Қылмыстық саясат – әлеуметтік қатынастардың саяси мәнге ие болған көрінісі. Сондықтан қылмыстық саясат жүйесінде арнаулы субъектілердің әрекеті мен қызметінің әлеуметтік мәні толымды талқылауды қажет етеді. Қылмыстық саясаттың әлеуметтік мәні дегеніміз – мемлекет пен қоғамның құқықтары мен міндеттері, мүдделері мен мақсаттары негізінде жүзеге асырылатын қызметтің көпқырлы сипаты. Кез-келген әлеуметтік-құқықтық қатынас қылмыстық саясаттың пәнін құрамайды, егер де құраса: - ол қатынастардың негізінде саяси-құқықтық байланыстар жатуы тиіс. Қылмыстық саясат саласындағы қатынастардың құқықтық табиғаты – заң нормаларынан ғана көрініс табады. Кез-келген қылмыстық заң нормасы құқықтық қызмет өрісіне сай, қылмысқа құқықтық баға берумен қатар, қылмыстан сақтандыру міндетін де атқарады.

Қылмыстық саясатты құқықтық реттеу – заң нормасын қолданумен ғана шектелмейді, ол сонымен қатар саяси-құқықтық қатынастар пәнінің шегін белгілеу арқылы және құқықтық қатынастардың қозғалтқышы ролін иеленген заң нормасын пайдаланумен байланыстырыла жүргізіледі. Заңдық нормалар – саяси-құқықтық қатынастардың сыртқы көрінісін, ішкі ұйымдастырылуын, қатынастардың ресми бекітілуіне жол ашатын тарихи-заңды құрал ғана емес, саяси-құқықтық қатынасқа мән мен нысан бере отырып, қатынастың барлық түрін реттеудің жалғыз тетігі де. Заң нормасын оңтайландыру және оның қатынастарды реттеу кезіндегі ролін дұрыс түсінудің маңызы өте зор. «Мемлекеттік басқару органдарының өкілеттіктерін қайталайтын және негізсіз кеңейтетін нормаларды жоюды - нормативті құқықтық базаны жетілдірудің бір шарасы ретінде қарау керек» деген көзқарас ұсынған авторларды қолдаймыз.

Заң нормасы – өз кезегінде құқықтық әрекетке әсер етіп қана қоймай, оның әлеуметтік бағытын да белгілейді. Екіншіден, қылмыстық саясаттың маңызды элементі – құқықтық нормалар мен идеялар, көзқарастарды қолдану мен саралаудың кезінде жүзеге асатын – қызмет. Бұл жердегі қызмет – қылмыспен күрес пен одан сақтандырудағы әрекеттің белсенді бағытын көрсетеді.

Қызмет – әлеуметтік топтар мен олардың өкілдерінің өз мүдделері мен қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған, әлеуметтік белсенді мінез-құлықтың көрінісі және оның жүзеге асуы. Қылмыстан сақтандыру кезіндегі қызмет бұл қылмыстық құқықтың қызметі деген сөз. Бұл жерде «міндет» ұғымы «қызмет» ұғымының құрамдас бір бөлігі екендігін ескерген жөн. «Қылмыстық заңның басты міндеттерінің бірі – қылмыстан сақтандыру болып табылады. Қылмыстық құқық жалпы және арнаулы сақтандыру функцияларын жүзеге асырады және қылмыстық саясат әлеуметтік саясаттың бір бөлігі, оның негізгі мазмұны – қылмыстық заңдарды қолданудың міндеттерін, қылмыстан сақтандырудың тиімді жолдарын табу, қылмыспен күресуде заңдылық принциптерін қатаң сақтау» - деп, Ағыбаев А.Н. қылмыстық заңның міндетін дұрыс бағалайды. [5, 9 б.]. Қылмыстық саясаттағы қызметтің өзіндік мәні бойынша мынадай ерекшеліктері бар: бұл қызмет қылмыстың алдын-алу мен сақтандырудан туындайтын қоғамдық қатынастар. Бұл қоғамдық қатынастардың құрамында: конституциялық, қылмыстық құқықтық, әкімшілік, қылмыстық іс жүргізу салаларын қамтитын құқықтық қатынастар кіреді және олар тиісті құқық саласының нормалармен реттеледі. Қылмыстан сақтандыру - қылмыстық заңның ғана міндеті емес, қылмыстық заң мен қылмыстық құқықтық шаралар қылмыстылыққа әсер етудің сөз жоқ басты құралы бірақ, жалғыз құралы емес және бұл жерде қылмыстық заңның ролін жеткіліксіз бағалауға да жол бермеу керек. Қылмыстық саясаттың басты бағыты ретіндегі қылмыстан сақтандыру қызметі кешенді түрде реттелетін үрдіс. Кешенді реттеуге: - қылмыстың жолын кесу үшін барлық әлеуметтік, құқықтық, саяси ресурстарды жұмылдыру жатады. Бұл жерде қылмыспен күрестің механизмінің қатынастарды реттеу пәрменділігі мемлекеттің құрылымы мен оның даму бағытындағы өзгерістерге ғана емес, қылмыстық ахуалдың өрістеу бағытына да тікелей тәуелді. Бұл жердегі негізгі мәселе: «күрделі жүйеге ие біздің мемлекетіміз тұрақты түрде дамып қана қоймай, азаматтарға өмір сүрудің қолайлы шарттарын да ұсынуда, сонымен бірге, өкінішке орай, қылмыстылық та дамуда».

Қылмыстық саясаттағы қызмет – материалды және процессуалды бағыттағы әрекеттердің жиынтығы ғана емес. Бұл қызметтің негізгі сипаты жоғарыдағы көрсетілген әрекеттердің саяси мақсатты жүзеге асыруға жұмылдырылуында жатыр. Материалды бағыттағы қызмет қылмыстық заң мен қылмыстық құқықтық шараларды қолдану мен үнемі жетілдіруден тұрады. Бұл қызмет қылмыстық саяси үрдістердің тәжірибесін де қалыптастырады, яғни мемлекеттің құқық қорғау қызметі мен қылмыстық саясаттың тәжірибесі өзектес ұғымдар. Ұғымдар өзектестігі – қылмыспен күрес пен сақтандырудың бағытын айқындап қана қоймай, Қазақстан халқын жеке қылмыстық қол сұғушылықтан, ұйымдасқан қылмыстық топтың шабуылынан қорғаудың да маңызын ашады. Ең бастысы, « қоғамды аса алаңдататын қылмыстылықтың түрі қылмысқа қатысушылықпен, оның ішінде ұйымдасқан топпен жасалатын әрекеттердің алдын алу болып табылады. Себебі қылмыстылықтың мұндай түрінде өзге адамдарды да қылмыстық әрекеттерге тарту, жалпы адамдардың санасын қылмыстылықпен улау орын алады».

Қылмыстық саясаттың теориялық бағыттағы қызметі – ғылыми доктриналды тұжырымдарды жасау, идеялар мен көзқарастарды қалыптастырудан да тұратын күрделі шаралар кешені. Қылмыстан сақтандырудағы қызмет – ол тек қана қылмыстық саясаттың бір бағыты ғана емес, ол мемлекеттің осы саладағы саяси қызметінің негізгі мазмұнын бейнелеуші қызмет. Өйткені бұл қызметтің тамырында мемлекеттік мүдде мен мемлекеттік талаптардың негізгі өзегі жатыр. Негізі, қылмыстық саясат және оның мемлекет саясатындағы рөлі – үлкен тұжырым өзегі. Саясат – бұл маңызды үдерістерге мемлекеттің қатысуы, яғни бұл үдерістердегі мемлекеттің бағытын, қызметінің мазмұнын, мәнін, мақсатын, нысанын анықтау. Қылмыстың дамуын тежеу құқықтық мемлекеттегі ең басты міндеттің бірі ретінде бақылау қызметін дұрыс жолға қоюмен нәтиже береді. «Қылмыстылыққа қатаң әлеуметтік бақылау қою қажет.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Криминология: Учебник //Под ред. Акад. Кудрявцева В.Н., проф. Эминова В.Е.– М.: Юристъ, 1997. – 512 с.
2. Михлин А.С. Последствия преступления, «Юридическая литература», М., 1969. – 104 с.
3. Загородников Н.И. Советская уголовная политика и деятельность органов внутренних дел. М.,1979. - 100с.
4. Алауханов Е.О., Турсынбаев Д.Е. Борьба с коррупцией в государственных органах Республики Казахстан: учебное пособие / Под ред. Е.О. Алауханова. – Алматы: КазАТК, 2008. - 280 с.
5. Ағыбаев А.Н. Адам, қоғам, мемлекет мүддесінің қорғаушысы. « Қылмыстық және қылмыстық атқару кодекстеріне он жыл: нәтижелері мен болашағы» атты халықаралық ғылыми конференция материалдар жинағы. 21-22 маусым 2007 ж. – Алматы: Қазақ Университеті, 2007. - 198 б.
6. Әпенев С. Қылмысқа қатысушылықтан сақтандырудың тиімділігі жөнінде. Предупреждение преступности № 1 (25) 2009 г.

*Атаханова Г.М.*

*әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

*қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу*

*және криминалистика кафедрасының доценті, з.ғ.к.*

#### МҮЛКТІК ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ КРИМИНОГЕНДІК ЖАҒДАЙЛАРЫ

Криминология ғылымында барлық криминогендік жағдайларды себептермен жағдайларға бөлу қалыптасқан. М.Д. Шаргородский «Өздігінен туындайтын және пайда болатын қылмыстылықтың себептеріне кең мағынада барлық жағдайларды жатқызуға болады. Бірақ та барлық жағдайлар біртекті роль атқармайды. Олардың біреуі шынайы қылмыстық ниетті туғызса, ал басқалары осы мүмкіндікті шын мәнінде қылмысқа айналдырады. Сондықтан біріншісін себеп ретінде қарастырып, ал екіншісін жағдай ретінде



Научное издание

**КРИМИНАЛЬНЫЕ УГРОЗЫ СОВРЕМЕННОСТИ  
И СТРАТЕГИИ АНТИКРИМИНАЛЬНОЙ  
БЕЗОПАСНОСТИ ЛИЧНОСТИ, ОБЩЕСТВА, ГОСУДАРСТВА**  
(2-е Каиржановские криминологические чтения)

Материалы международной  
научно-практической конференции

*Часть 1*

Материалы конференции издаются в авторской редакции

**ИБ № 5988**

Подписано в печать 17.09.2012. Формат 90x 110 1/16. Бумага офсетная.

Печать цифровая. Объем 13,5 п.л. Заказ № 1135. Тираж 100 экз.

Издательство «Қазақ университеті»

Казахского национального университета им. аль-Фараби.

050038 г. Алматы, пр. аль-Фараби, 71, КазНУ.

Отпечатано в типографии издательства «Қазақ университеті»